



КІРІСПЕ СӨЗ



Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған депозиттерді кепілдендірудің қазақстандық жүйесі банк мекемелеріне халықтың сенімін қайтару жөніндегі уақтылы жасалған шара болып табылды.

Негізгі міндеті қаржылық тұрақтылыққа және салымшыларды қорғауға жәрдемдесу болып саналатын Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 5 жылғы қызметі кезінде өзінің жағдайын нығайтты. Қордың активі 8 млрд. теңгеге дейін өсті, Қазақстанда жұмыс істейтін 35 банктің 34-і депозиттерді кепілдендіру жүйесіне қатысушылар. Отандық банк жүйесіне халықтың сенімінің артқанын екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің өсу қарқынынан көруге болады: соңғы бес жыл ішінде депозиттердің жалпы көлемі 6 есеге көбейді, ал кепілдік берілген депозиттердің шамасы 8 есе өсті.

2003 жылдан бері біз депозиттерді сақтандыру жүйесінің Халықаралық ассоциациясына (IADI) қатысушы болып табыламыз, бұл депозиттерді сақтандыру жөніндегі шетелдік ұйымдармен қарым-қатынасты жақсартуға, тиімді тәжірибе алмасуға және депозиттерді кепілдендірудің отандық жүйесін жетілдіру жөнінде кеңес алуға мүмкіндік береді.

Келешекте депозиттерді кепілдендірудің ұлттық жүйесі өзінің негізгі қызметтерін дамытуды және оларды табысты түрде орындауды мақсат тұтуда. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының негізгі міндеті "жалпы касса" жүйесінен қатерді азайтатын және оны басқаратын жүйеге көшу болып табылады. Депозиттерді кепілдендіру жүйесіне бұл күрделі міндетті шешу қаржылық қауіпсіздік жүйесінің негізгі қатысушылары Ұлттық банкпен және Қаржылық қадағалау агенттігімен бірлесе отырып үйлесімді іс-әрекет жасамай мүмкін емес.

Отандық қаржы жүйесінің барлық қатысушыларына, сондай-ақ Депозиттерді сақтандыру жүйесінің Халықаралық ассоциациясына (IADI) келген әріптестеріме біздің ортақ мақсатымызды қаржылық тұрақтылықты нығайтуды жүзеге асырудағы көрсеткен жәрдемдеріңіз үшін өзімнің шын көңілден алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Құрметпен,

Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қорының
Бас директоры

Бақыт Мәженова





МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ШОЛУЫ.	3
ҚАЗАҚСТАНДА ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДЕНДІРУ ЖҮЙЕСІ.	5
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.	8
Қордың құрылу тарихы.	8
Қордың мақсаты және қызметі.	8
Қордың ұйымдық құрылымы.	9
Қатысушы-банктермен өзара іс-қимыл.	10
Өтемақы резервін қалыптастыру.	11
Қордың инвестициялық саясаты.	12
Жұртшылықты хабардар ету.	13
Халықаралық қызмет.	14
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ.	15
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК.	16





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ШОЛУЫ

1993-1998 жылдарғы кезеңде Үкімет пен Ұлттық банк жүргізген қатаң макроэкономикалық саясаттың нәтижесінде Қазақстанның қаржы секторының жағдайы жақсарды. Инфляция 1993 жылғы 2165% деңгейден 1998 жылы 1,9% деңгейіне дейін төмендеді. Алайда 1998-1999 жылдарғы қаржы дағдарысы қаржы жүйесінің тұрақтылығын әлсіретті: Қазақстан экспортының бәсекеге қабілеттігі төмендеді, инфляция шұғыл өсті (17,8%), шетелдік валютаға деген сұраныс шеттен тыс өсті, банкрот болған банктер саны көбейді. Осы проблемаларды шешу үшін 1999 жылы бірнеше шаралар қабылданды, солардың ішіндегі ең маңыздысы теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамының режимін енгізу болып табылады. Сонымен қатар екінші деңгейдегі банктердегі халықтың салымдарын қорғау жөнінде де шаралар қабылданды.

1999-2004 жылдарғы кезеңде жүргізілген ақша-несие саясаты макроэкономикалық жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік жасады: ұлттық валютаның нығаюына, жылдық инфляцияны 6-8 % тұрақты деңгейде ұстап тұруға.

1 кесте. Қазақстан Республикасының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері

		1999	2000	2001	2002	2003	2004
Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)	млрд. теңге	2 016	2 600	3 251	3 776	4 450	5 543
Жан басына келетін ЖІӨ	KZT (мың. теңге)		155,4	194,3	225,6	265,5	330,8
Жан басына келетін ЖІӨ	USD (мың. АҚШ доллары)		1,2	1,5	1,7	2,0	2,5
Өнеркәсіп өнімінің көлемі	млрд. теңге	1 113	1 762	1 985	2 292	2 794	3734
Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	277	519	776	1 193	1 259	1531
Республикалық бюджеттің тапшылығы/профицит	ЖІӨ-ге %	-3,9	-0,6	-0,1	-0,1	-1,1	-0,3
Жұмыссыздықтың ресми деңгейі	%	3,9	3,7	2,9	2,6	1,8	1,5
Орташа айлық атаулы жалақы	теңге		13 761	21 183	24 388	28 192	32 652
Сауда балансының сальдосы	млн. USD	340	2 440	1 320	2 301	4 088	6786
Жалпы сыртқы борыш	млн. USD	12 081	12 685	15 157	18 197	22 884	32017
Инфляция							
кезең соңына	%	17,8	9,8	6,4	6,6	6,8	6,7
орташа	%					6,4	6,9
Валюталық бағам:							
кезең соңына	KZT/USD	138,22	144,31	149,59	155,08	145,08	130,04
орташа	KZT/USD	119,52	142,13	146,74	153,28	149,58	136,06

1996 жылы Қазақстанға алғаш рет Standard & Poor's рейтингісі берілді. Сол кезден бері агенттік тұрақты негізде тәуелсіз рейтингісін де және қазақстандық эмитенттер рейтингісін де жариялап отырады. 2004 жылдың қазанында Қазақстанның тәуелсіз рейтингісі “BBB” болжам тұрақты деген күйде бекіді (2 кесте).





2 кесте. Қазақстан Республикасы тәуелсіз рейтингісі

Жылдар	Рейтингтік агенттіктер	Рейтинг
2000	Moody's	B2
2001	Moody's	Ba2
2002	Standard & Poor's	BB
2003	Standard & Poor's	BB+
2004	Standard & Poor's	BBB

Қазақстанның банк жүйесі бірнеше рет жасалған реформалаудың нәтижесінде елдің қаржы секторының ең серпінді дамушы және тұрақты құрамдас бөлігіне айналды. Қазіргі кезде ол банк қызметінің халықаралық негізгі стандарттарына сай келеді. Сөйтіп 2003 жылдан бері барлық банктер қаржы есебінің халақаралық стандарты бойынша жұмыс істейді.

2000 жылдан 2004 жыл аралығында екінші деңгейдегі банктердің активі 8 есе көбейді және 2,5 трлн. теңге (20 млрд. АҚШ долларындай) шегінен асып түсті. Елдің ЖІӨ-дегі банктер активінің үлесі қаралып отырған кезеңде 16,9 пайыздан 45,1 пайызға дейін өсті.

Банк секторының меншік капиталы 5 есе көбейді және 2005 жылғы 1 қаңтарға валюталық баламада 2,5 млрд. АҚШ долларынан (347,6 млрд. теңге) асты. Оның ЖІӨ-дегі үлесі 3,4 пайыздан 6,3 пайызға дейін ұлғайды. Сонымен бірге бұл көрсеткіштің өсу қарқыны 2000 және 2005 жылдарғы кезеңдегі активтердің өсу қарқынынан кейін қалуда: меншік капиталдың активке ара қатынасы 20,2 пайыздан 12,9 пайызға дейін төмендеді.

Кейінгі 5 жылда Қазақстан экономикасына екінші деңгей банктері берген несиелердің көлемі 10 есеге көбейді және 2005 жылдың 1 қаңтарына 1484,29 млрд. теңгені (11,4 млрд. АҚШ долларындай) құрады. ЖІӨ-дегі несиелердің үлесі осы кезде 7,4 пайыздан 26,8 пайызға дейін өсті.

Жүйе бойынша тұтас алғанда банктердің қызметінің қаржылық нәтижесі таза пайда болып табылады, оның көлемі 5 жылда 3,3 есеге көбейді және 2005 жылдың 1 қаңтарына 31,5 млрд. теңгені немесе 242,31 млн. АҚШ долларын құрады.

3 кесте. Банк секторы

	01.01.00	01.01.01	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05
Екінші деңгейдегі банктердің саны	55	48	44	37	35	35
Жиынтық активтер	341,1	527,9	784	1 144,97	1 677,9	2 689,7
Меншік капитал	69	97,6	122,2	161,2	233,5	347,6
Міндеттемелер	272,1	433,3	661,8	983,77	1 444,4	2 342,1
Таза табыс	9,5	7,1	7,4	20,6	28,8	31,5
Экономикаға несие	148,83	276,20	489,80	672,40	978,10	1 484,29
Тартылған депозиттер	172,40	294,00	446,00	610,00	739,00	1 255,44





ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІ

1998 жылғы Ресей дағдарысынан кейін Қазақстанның банк жүйесі үшін халықтың банктегі салымдарының қорғалуын қамтамасыз ететін тетікті жасаудың қажеттігі басымдық мағынаға ие болды. 1999 жылдың қарашасынан бастап Қазақстанда депозиттерді міндетті ұжымдық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі - Жүйе) жұмыс істей бастады. Ол банктер мәжбүрлеп таратылған жағдайда депозиторларға салымдарын қайтарып беруді қамтамасыз етуге тиіс. Жүйені әзірлеген кезде отандық мамандар басқа елдердің осы саладағы озат тәжірибесіне сүйенді, сонымен қатар отандық қаржы рыногының ерекшеліктері ескерілді.

Жүйеге қатысушылар:

- **“Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры” (Қор)** – жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті ұжымдық кепілдендіруді жүзеге асырушы ұйым;
- **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі** – Қордың бірден-бір құрылтайшысы және Акционері;
- **Қазақстан Республикасының қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі** – қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеуді және қадағалауды және Жүйені реттеуді жүзеге асырушы мемлекеттік уәкілетті орган;
- **Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері** – қатысушы-банктер, олардың депозиттерді қайтару жөніндегі міндеттемелері кепілдендіріледі;
- **Салымшылар** – қатысушы-банктерде кепілді депозиттері бар жеке тұлғалар.

Депозиттерді сақтандыру жүйесі ұжымдық болып табылады – оған қатысушы-банктер мәжбүрлеп таратылған жағдайда банктегі салымдарды қайтару жөнінде бірлескен жауапкершілік атқарады.

Алғашқыда, 2000 жылы, Ұлттық банк халықаралық стандартқа көшу жөніндегі шараларды орындады деп таныған екінші деңгейдегі банктер Жүйеге енді. Қазақстанның 16 ең ірі банкі жүйеге қатысушылар болды. Әрбір қатысушы-банк үшін оның қаржылық жағдайына қарай әр тоқсан сайын календарлық салымның өткен тоқсан үшін төлеуге жататын ставкасы тағайындалды. Ставканың мөлшері кепілдік объектісі болып табылатын депозиттер сомасының 0,125 пайызынан 0,37 пайызына дейінгі аралықта болды. Заңға сәйкес тек теңге бойынша мерзімдік салымдар (ал 2000 жылғы қыркүйектен бері сондай-ақ доллармен және евромен) және талап ету салымдарына ғана кепілдік жасалды. 200 мың теңгеден бастап төлемнің регрессивтік кестесін пайдалану арқылы депозиттерге төлем жасаудың күрделі үлгісі жұмыс жасады. Сол кезде қатысушы банктің бір салымшысына төленетін өтемақының ең үлкен көлемі 1 миллион теңге болды.






2003 жылы жеке тұлғалардан депозит қабылдауға Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар барлық банкілерге Жүйеге міндетті түрде мүше болу талабы енгізілді. 2003 жылдың 1 қыркүйегінен бастап заңға өзгерістер енгізілді, осыған сәйкес жеке тұлғалардың барлық депозиттері кепілдік жасаудың объектісі болып табылады. Бұдан тек көлемі 50 000 АҚШ долларынан асатын мерзімді және шартты салымдар ғана тысқары қалды. Кепілдік берілген депозиттер бойынша өтемақының көлемі есептелген сыйақыны қоспағандағы негізгі салымның сомасына дәл келетін етіліп белгіленді (400 мың теңгеден көп емес).

2004 жылы экономиканы долларсыздандыру саясатын жүзеге асыру барысында заңға өзгерістер енгізілді, осыған сәйкес кепілдеме берілетін мерзімді және шартты салымдардың ең үлкен көлемі 7 миллион теңгеден аспауға тиіс.

Бүгінгі күнге Жүйе ойдағыдай қызмет істеп тұр және оның резерв қоры ұдайы өсуде. Бес жыл ішінде екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі 6 есе өсті: 2000 жылғы 53 млрд. теңгеден 2004 жылы 341 млрд. теңгеге дейін. Сол кезде кепілді депозиттердің көлемі 8 есе өсті: тиісінше 35 млрд. теңгеден 305 млрд. теңгеге дейін (1 Диаграмма).

1 Диаграмма. Екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің өсу динамикасы, млрд теңге



Жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы көлеміндегі кепілді депозиттердің үлесіне 2005 жылдың 1 қаңтарында 68 пайыз, кепілдіксіз салымдардың үлесіне 32 пайыз келеді. Оларға VIP салымдар жатады, яғни көлемі 7 миллион теңге және одан жоғарыны құрайтын мерзімді және шартты салымдар (немесе оның шетелдік валютадағы баламасы), бірінші басшылардың және олардың жақын туысқандарының салымы, сондай-ақ 5 пайыз және одан жоғары акцияның иелері және олардың жақын туыстары болып саналатын шешуші дауысы бар банк акционерлері жатады.

Депозиттердің өсуі халықтың банк жүйесіне сенімінің артуының белгісі болып табылады.

Кепілді депозиттердің өсуінің негізгі себептерінің бірі Жүйенің қатысушы-банктерінің санының өсуі. 2005 жылдың 1 қаңтарына жұмыс істеп тұрған 35 екінші деңгейдегі банктің 34 жүйеге қатысушылар болып табылады (4 кесте).

4 кесте. Депозиттерді кепілдендіру жүйесіне қатысушы-банктер

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Қатысушы-банктердің саны	16	21	22	31	34





2005 жылдың 1 қаңтарына мерзімді және шартты депозиттер бойынша салымшылардың 400 000 теңгеден аспайтын (немесе шетелдік валютадағы баламасы) шотының 90 пайызға жуығы толық күйде жүйенің сақтандырылуында. Екінші деңгейдегі банктерде талап ету салымдары бар барлық депозиторлар жеке тұлғалар мен ағымдағы шоттардағы қалған ақшалар қатысушы-банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандырылған (5 кесте).

5 кесте. 2005 жылғы 1 қаңтарға мерзімді, шартты, талап ету салымдар және ағымдағы шоттардағы ақшалардың қалдықтары


Депозиттер түрі	Шоттардың саны		Депозиттер сомасы		Салымның орта сомасы
		%	мың. теңге	%	мың. теңге
Мерзімді және шартты салымдар	1 197 671	100%	370 972 087	100%	309,7
соның ішінде:					
кепілдік етуге жататындары	1 191 779	99,5%	230 402 433	62,1%	193,3
кепілдік етуге жатпайтындары	5 892	0,5%	140 569 654	37,9%	23 857,7
Талап ету салымдары	1 692 424	100%	16 688 766	100%	9,8
соның ішінде:					
кепілдік етуге жататындары	1 691 236	99,93%	15 429 761	92,5%	9,1
кепілдік етуге жатпайтындары	1 188	0,07%	1 259 005	7,5%	1 059,8
Ағымдағы шоттардағы қалған ақшалар	6 761 646	100%	60 315 400	100%	8,9
соның ішінде:					
кепілдік етуге жататындары	6 748 674	99,8%	59 625 495	98,9%	8,8
кепілдік етуге жатпайтындары	12 972	0,2%	689 905	1,1%	53,2

2000 жылдан 2003 жылға дейінгі кезеңде шетелдік валютадағы депозиттердің өсу қарқыны теңгелік депозиттердің өсу қарқынынан едәуір жоғары болды. Алайда, соңғы екі жылдағы ұлттық валютаның нығаюы депозиттер құрамындағы жағдайды өзгертті. Бұған ішкі рынокке шетелдік валютаның едәуір құйылуы әсерін тигізді:

- экспорттан алынатын түсімнің көлемінің өсуі;
- екінші деңгейдегі банктердің және корпоративтік сектордың сыртқы рыноктардан алып пайдалануының;

Нәтижесінде жеке тұлғалардың теңгемен салған депозиттердің үлес салмағы 2004 жылы 38 пайыздан 58 пайызға дейін өсті.

2 Диаграмма. Валюталар бойынша депозиттердің құрамы, млрд, теңге





ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қордың құрылу тарихы

Депозиттерді кепілдендіру жүйесін құрған уақытқа – 1999 жылға – Қазақстанның банк және қаржы жүйесі Ресейлік қаржы дағдарысының салдарын бастан кеше тұра өзінің сенімділігін көрсетті. Қазақстан ТМД ішінде алғашқы болып, тәуелсіз несиелік рейтингі алып, оны оңды деңгейде ұстады.

Халықтың отандық қаржы жүйесіне сенімін арттыру міндетін жүзеге асыру және оның жинақталған ақшасын банк жүйесіне тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1999 жылғы мамырда Қазақстан қаржыгерлерінің бірінші конгресінде жүйелі шаралар кешенін әзірлеуді және оны жүзеге асыруды ұсынды, соның бірі халықтың депозиттерін ұжымдық сақтандыру жүйесін құру болатын. Ұлттық Банкке екінші дәрежедегі аса ірі банктермен бірлесе отырып, аса қысқа мерзімде осындай жүйені әзірлеуге және оны іске қосуға тура келді. 1999 жылдың қарашасында екінші деңгейдегі банктерде жеке тұлғалардың мерзімді салымдарын міндетті түрде ұжымдық сақтандыру Ережесі енгізілді, 1999 жылғы 15 қарашада “Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры” ЖАҚ құрылды. Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі болып табылады, ол оның жарғылық капиталына 1 миллиард теңге берді.

2000 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасының “Банктер және банк қызметі туралы” 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 заңына “Депозиттерге міндетті ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жүйесі” аталатын 52-ші бап енгізілді.

Қордың мақсаты және қызметі

Қордың қызметінің негізгі мақсаты – Жүйеге қатысушы-банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшылардың мүддесін қорғау. Осы мақсатқа сәйкес Қор мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілді салымдары бойынша өтемақы төлейді. Бұдан басқа Қор келесі қызметтерді де жүзеге асырады:

- банктерді Жүйеге қабылдау және оларды одан шығару туралы шешім қабылдайды;
- өтемақы төлеуге арналған ақша резервін қалыптастыру;
- Қордың активтерін басқарады;
- банктердің жарна төлейтін мерзімін белгілейді;
- халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді;
- өтемақыны төлейтін банк-агентті конкурс тәртібімен таңдайды;
- депозиттерді кепілдендіру және басқа мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады.





Қордың ұйымдық құрылымы

Басқару органдары

Қорды басқаратын жоғарғы орган **Акциянер** Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қордың қызметіне жалпы басшылықты **Директорлар кеңесі** жүзеге асырады, оның құрамына Ұлттық банктің, Қаржылық қадағалау агенттігінің, Қаржы министрлігінің, Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясының өкілдері және Қордың Бас директоры кіреді.

Қордың атқарушы органы **Бас Директор**, ол Қордың ағымдағы қызметіне басшылық жасайды.

Консультациялық Кеңес қатысушы-банктердің өкілдерінен құралады. Консультациялық кеңес Қорға ұсыныстар, ұсынымдар береді, консультациялар жүргізеді, депозиттерді міндетті ұйымдық кепілдендіру (сақтандыру) бойынша Қордың құжаттар әзірлеуіне жәрдем жасайды.

Қордың қаржылық және шаруашылық қызметін тексеруді тексеруші орган **Тексеру комиссиясы** жүргізеді, оны Акциянер екі жылға тағайындайды, Қор қызметін тексеру комиссияның өз бастамасы бойынша да және Акциянердің тапсырмасы бойынша да жүргізіледі.

Қордың ұйымдық құрылымы



Бөлімдерінің қызметі:

Қаржы-әкімшілік бөлімі Қордың қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін есептеуді қамтамасыз етеді, активтерді орналастыруға бақылау жасауды, Қордың қаржылық, статистикалық, салықтық есептерін дайындауды жүзеге асырады, сондай-ақ Қорға келіп түсетін қаржыдай және басқадай ресурстардың есебін қамтамасыз етеді.

Әдістеме және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі Қордың қызметін заң тұрғысынан алып жүру және шарт жасасуда құқықтық жағынан қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, активтерді бағалаудың әдісін зерттеу және әзірлеу, проблемалы қатысушы-банктің жұмысын тоқтатып қоюдың, жоюдың және қайтадан ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу бойынша жұмыс жүргізеді.

Банктердің статистикасы және талдау бөлімі Жүйенің қатысушы-банктері беретін есептерді жинауды, өңдеуді және талдауды қамтамасыз етеді, олардың календарлық жарнаны төлеуіне бақылау жасайды, қатысушы-банктердің қаржылық жағдайына мониторинг және талдау жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ халықаралық қарым-қатынас және жұртшылықты ақпараттандыру жөнінде жұмыс жүргізеді.

Проблемалы банктермен жұмыс жөніндегі бөлім жұмысын тоқтатып қойған, барлық операцияларын жүргізуге лицензия қайтарылып алынған жағдайда қатысушы-банктің уақытша әкімшілігінің құрамына, мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банкті жоюшы комиссияның құрамына қатысады.





Қатысушы-банктермен өзара іс-қимыл

Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру жүйесі қазіргі кезде міндетті болып саналады. 2004 жылдың 1 қаңтарынан депозиттерді қабылдау және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізуді тек депозиттерді кепілдендіру жүйесінің қатысушы-банктері ғана жүзеге асырады. Банктің Жүйеден өз еркімен шығуы немесе мәжбүр етіп шығарылуы осы банктен жеке тұлғалардан депозит қабылдауға лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің кері қайтарып алуына әкеліп соғады.

Банк депозиттерді кепілдендіру Жүйесінің қатысушы-банкі болып қатысушының куәлігі берілген күннен бастап саналады. Банк кіре сала өзіне белгілі міндеттемелер алады, солардың ішінде тартылған депозиттер бойынша сыйақының мейлінше жоғары ставкасын сақтау, қаржылық жағдай туралы жүйелі түрде мәлімет беру, Жүйе туралы халыққа ақпарат беруге қатысу және басқалары бар.

Қор банктердің календарлық жарналарын төлеудің мерзімін белгілейді, олар әр тоқсан сайын төленеді. Бұл жарналардың мөлшері жүйеге қатысушы болғанына екі жылдан асқан банктер үшін барлық кепілді депозиттердің сомасының 0,16 пайызын, өтілі екі жылдан аз қатысушы-банктер үшін – 0,25 пайыз құрайды.


Банк Жүйеден ол мәжбүрлікпен таратылған жағдайда шығарылады. Банктің жеке тұлғалардың депозиттерімен қызмет жүргізуге лицензиясын қайтарып алған жағдайда немесе банк пен Қордың арасында жасалған келісімнің шарттарын әрдайым бұзған жағдайда Қордың қатысушы-банкті Жүйеден шығарып тастауға құқығы бар.

Банктік операцияларды жүргізуге лицензиясы қайтарылып алынған қатысушы-банк Қорға салымдары кепілдендіруге жататын салымшылардың тізімін береді. Мәжбүрлікпен таратылатын банктің депозиторларына өтемақы төлеу банк-агент арқылы жүзеге асырылады. Банк-агентті Қор Жүйесінің қатысушы-банктер арасында конкурс жүргізу негізінде тандап алады.

Қор Жүйесінің тетігінің қызметін, енгізілген өзгертулерді түсіндіру жөнінде банк қызметкерлері үшін семинарлар өткізеді, аса жиі қойылатын сұрақтарға жауап берілген брошюралар шағарады, оларды қатысушы-банктер арқылы салымшылар арасында таратады.

Кепілдік берілетін салымдардың көлемі ұлғаюына, сондай-ақ кепілдендіру Жүйесіне қатысушы-банктердің санының артуына байланысты Жүйесінің қатысушы-банктері аударатын міндетті календарлық жарналарының сомасы жыл сайын өсуде, ол 2004 жылы 1 809 375 мың теңгені құрады, 2000 жылмен салыстырғанда 6 еседей өсті.

Диаграмма 3. Қатысушы-банктер аударған міндетті календарлық Жарналардың көлемі (мың теңге)





Өтемақы резервін қалыптастыру


Қатысушы-банк мәжбүрлікпен таратылған жағдайда кепілдік берілген депозиттер бойынша өтемақы төлеу мақсатында Қор жинақтау негізінде арнайы резерв қалыптастырады:

- қатысушы-банктердің календарлық жарнасы;
- қатысушы-банктер жарнасын мезгілінде немесе толықтай төлемегені үшін айып өсім және қатысушы-банктерге қолданылатын айыппұл;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің өтемақы төленген депозиттерінің сомасы бойынша Қордың талабын қанағаттандыру бойынша алынған ақшалар;
- Қор активін орналастырудан алынған таза табыс есебінен.

Өтемақының арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда жарғылық капиталдың 50 пайызға дейінгі жарғылық капиталдың қаражаты пайдаланылуы мүмкін, ал кепілді депозиттер бойынша өтемақы төлеуге қажетті сома жетпеген жағдайда, қатысушы-банктер жарна жинауды жүзеге асырады.

2005 жылдың 1 қаңтарына салымдар бойынша өтемақы төлеу үшін Қордың резерві 6,8 млрд. теңгені құрады.

Диаграмма 4. Өтемақы резерві (мың теңге)



“Көмірбанк” ААҚ салымшыларына өтемақы төлеу

Жүйенің қатысушы болған “Көмірбанк” ААҚ 2002 жылы мәжбүрлікпен таратылуына байланысты Қор осы банктің кепілді салымдары бойынша салымшыларға (жеке тұлғаларға) өтемақы төледі. Салымшылардың белгілі саны бүгінгі күнге дейін өздеріне тиесілі өтемақыны талап еткен жоқ. Осыған байланысты Қор ақшадай резерв жасады және осындай салымшыларды жеке шотта есепке алды, өйткені Қордың осындай салымшылары алдындағы міндеттемелерінің мерзімі жоқ. Несиеші ретінде Қор “Көмірбанк” ААҚ несиешілер комитетінің құрамына қатысады.





Инвестициялық саясаты

Қордың ақшасын, бағалы қағаздарын және басқадай қаржылық құралдарын басқаруды активтерді басқаруға сенім білдіру туралы жасалған келісім негізінде Ұлттық Банк жүзеге асырады. Сол кезде Ұлттық Банк Қордың Инвестициялық комитетінің ұсынымдарын ескереді. Инвестициялық комитет алқалық орган болғандықтан Қордың инвестициялық саясатын анықтайды, Қордың активтерін қаржылық құралдарға инвестиция жасау жөнінде ұсыным даярлайды және Директорлар Кеңесі бекіткен лимит шегінде активтердің валюталық бөлісін анықтайды.

Қордың бес жылғы қызметі кезінде оның активтері 8,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, оның 2,3 млрд. теңгесі - 2004 жылы. Активтердің өсу себебі кепілдік берілетін базаның ұлғаюы, Жүйеге жаңа банктердің енуі және табыс сомаларын ертеректе иелікке алынған қаржылық құралдарға орналастыруға бағыттау болды.

Қор – сауда ұйымы емес және қатерлі қаржы құралдарына активтерді орналастыру есебінен пайда табу міндетін алға қоймайды. Қордың негізгі активтері мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады, олар іс жүзінде қауіпсіз. 2004 жылы заңға өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес Қордың қаржылық құралдарының тізімі кеңейді. Осыған байланысты 2004 жылы Қордың ақшалары сондай-ақ “Қазақстандық ипотекалық компания” АҚ облигациясына орналастырылды. Активтерді орналастырудан түсетін табыс 7-10 пайыз құрайды.

6 кесте. Қордың активтері, млрд. теңге

		01.01.2000	01.01.2001	01.01.2002	01.01.2003	01.01.2004	01.01.2005
Қордың активтер				3,5	4,1	6,0	8,3
Соның ішінде:							
-Мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылғандары	млрд. теңге		1,3	2,2	3,7	5,5	7,6
	активтерге %			63%	90%	92%	92%
Активтерді орналастырудан түскен табыс	млрд. теңге		0,2	0,3	0,4	0,5	0,6
	активтерге %			8,6	98%	8,3%	7,2%





Жұртшылықты хабардар ету

Жұртшылықты хабардар ету Қордың негізгі қызметінің бірі. Депозиттерді сақтандыру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру және жеткізу үшін Қор халықпен кең көлемде ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізеді. Құлақтандырудың ең белсенді нысаны баспасөзде материалдар жариялау болып табылады. Әр тоқсан сайын Қор екі республикалық газетте жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру жүйесінің қатысушы-банктерінің Реестрін жариялайды. Бұдан басқа Қор Жүйенің іс-әрекеті туралы мақалаларды ұдайы жариялап отырады, республикалық радио мен телевидениеде тікелей эфирде интерактивті хабарлар беріледі.

2003 жылдан бері Қор жыл сайын “Шұғыл байланыс” акциясын өткізеді, сол арқылы Қазақстанның барлық аумағында тұрып жатқан халықпен Қор мамандарының тікелей байланысы қамтамасыз етіледі. “Шұғыл байланыс” акциясы Қордың мақсаттары мен міндеттері, депозиттерді кепілдендіру Жүйесінің іс-әрекетінің тетіктері туралы халықтың мағлұматын арттыруға, сондай-ақ салымшыларға өздерінің көкейкесті сұрақтарына тікелей жауап алуына мүмкіндік береді. Арнайы бөлінген телефон нөміріне Қазақстанның барлық өңірінен келіп түсетін звоноктар үшін Қор ақша төлейді.

Қордың интернет желісінде веб-сайты бар www.kdif.kz, онда салымшылар үшін ақпарат үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс) орналастырылған, заңдық және нормативтік актілер, Қордың БАҚ-тағы мақалалары мен жарияланымдары, ақпараттық хабарлар бар. Сондай-ақ қарсы байланыс жүйесі де қызмет істейді, оның көмегімен сұрақтарға электрондық поштамен жауап алуға болады.





Халықаралық қызмет

2003 жылдың сәуірінде Қор Депозиттерді сақтандыру жүйесінің Халықаралық ассоциациясына (IADI) кірді. IADI Қордың мүше болуы шетелдік ұйымдармен оның қарым-қатынасын нығайтуға, тиімді тәжірибе алмасуға және депозиттерді сақтандыру жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар алуға жағдай туғызады.

Қордың Бас директоры Бақыт Мәженова ханым IADI Атқарушы Кеңесінің құрамына кіреді. Бұдан басқа, Қор IADI Зерттеуші және Аудиторлық Комитеттерінің жұмысына белсене қатысады.

Қордың өкілдері Сеулде (Оңтүстік Корея) өткен (2003 ж., қазан) екінші жыл сайынғы IADI конференциясының жұмысына және Брюнненде (Швейцария) өткен (2004ж., қазан) үшінші жыл сайынғы IADI конференциясының жұмысына қатысты.

Қор IADI шеңберінде Азиялық және Еуразиялық аумақтық комитеттерге қатысушылар болып табылады, олардың қызметі осы аумақтардың елдерін қаржылық қауіпсіздіктің аумақтық жүйесін жасауға қатыстыруға бағытталған. Бұл саладағы Қор қызметі тәжірибе мен ақпарат алмасу жолымен депозиттерді сақтандырудың жүйесін дамытуға жәрдем көрсетуге бағытталған. 2003-2004 жылдары депозиттерді кепілдендірудің жүйесін құрудағы қазақстандық тәжірибемен танысу үшін Қазақстанға депозиттерді сақтандыру жөніндегі Орталық банктер мен институттардың өкілдері Әзербайжаннан, Армениядан, Қырғызстаннан, Ресейден, Украинадан Қазақстанға келді.

2004 жылғы мамырда Қордың Бас директоры Бақыт Мәженова Киевте (Украина) өткен “Депозиттерді сақтандыру банк секторы тұрақтылығының элементі ретінде” атты Халықаралық конференцияда баяндама жасады. Конференция Еуразиялық аумақтық комитет қызметі аясында депозиттерді сақтандыру жүйесін құруға немесе жетілдіруге тілек білдірген елдерге көмек көрсету және ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі.

2004 жылғы маусымда Қордың шақыруы бойынша Алматыға іскери сапармен IADI президенті Жан Пьер Сабурен мырза келді, ол Қордың, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметкерлері үшін банкрот-банктерді жою процедурасымен байланысты мәселелер бойынша семинар өткізді.





ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Қазақстанның депозиттерде кепілдік беру жүйесі үнемі жетілдіруде. Оның бұдан арғы дамуы өтемақының көлемін арттыру, сақтандырылатын депозиттердің түрін кеңейту, жүйенің қызметінің тәуекелін азайту бағытындағы халықаралық практикасының тәжірибесін пайдалану негізінде жүргізіледі.

Жүйені жетілдірудің негізгі бағыты “pay-box” жүйесінен (сақтандыру жағдайының пайда болуын күтумен ақшаны жай жинақтау жүйесі) тәуекелді азайтушы және оны басқаратын жүйеге (risk minimizing system) біртіндеп көшу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту тұжырымдамасына сәйкес Қор өзінің халықаралық стандарттарға көшу, Жүйенің тетіктерін жетілдіру, банктердің активтерін бағалау әдісін, Қордың қызметі мен өкілеттілігін кеңейту қаралған заң жобаларын әзірлеу, проблемалы банктердің жұмысын тоқтату, тарату, қайтадан ұйымдастырудың озат әдістерін енгізу жөніндегі жұмыстарын одан әрі жалғайтын болады және т.б.

Депозиттерді кепілдендірудің жетекші шетелдік жүйелерінің тәжірибесін үйрену негізінде Қор қатысушы-банктердің міндетті календарлық жарналарының дифференцияланған ставкаларын енгізу жөнінде жоба әзірлеу үстінде.

2005 жылғы мамырдың орта шенінде Қор Депозиттерге кепілдік беру жөніндегі Халықаралық Қауымдастығының (IADI) қолдауымен “Алдын ала әрекет ету жүйесі: іске асырудың жолдары мен әдістері” деген тақырыпқа Халықаралық конференция өткізетін болады. Конференцияға әр елдерден депозиттерді сақтандыру жүйесінің өкілдері, халықаралық ұйымдардың сарапшылары, Орталық банктердің және бақылау органдарының, жергілікті коммерциялық банктердің өкілдері қатысатын болады.

Сондай-ақ Қор ЕврАзЭҚ елдері үшін өтпелі экономика елдерінде депозиттерді сақтандыру жүйесін ұйымдастыру және тиімді қызмет етуінің мәселелері бойынша семинар өткізуді жоспарлап отыр.



Deloitte

«Deloitte & Touche» ЖШС
Фурманов к-сі, 240-в
Алматы, 480099
Қазақстан
Тел.: +7 (3272) 58 13 40
Факс: +7 (3272) 58 13 41
almaty@deloitte.kz
www.deloitte.kz

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Біз, 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының бухгалтерлік балансын, сол сияқты таза пайда мен зиян туралы есебін, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есебін және меншік капиталындағы өзгерістер туралы есебін аудиторлық тексерістен өткіздік. Берілген қаржылық есеп берудің дайындығы және дұрыстығы Қордың басшыларының жауапкершілігіне жүктеледі. Біздің жауапкершілігіміз біз өткізген аудит негізінде осы қаржылық есеп беру жөніндегі пікір білдіру болып табылады.

Біз аудитты Халықаралық аудиттық стандарттарына сай өткіздік. Осы стандартқа сәйкес қаржылық есеп беруде айтарлықтай бұрмалаушылықтың болмауы туралы толық сенімділік мақсатында аудит жоспарланады және жүргізіледі. Аудит құжаттың бекітілген сомасын және қаржылық есеп берудің түсініктемесін іріктеп тексеру негіздерін қолданады. Біздің қызыметіміз бухгалтерлік есепке алуда, қолданылатын принциптерін және басшылықтың жіберіп қойған үлкен кемшіліктерін, сол сияқты қаржылық есеп берудің жалпылама көрінісін бағалау болып табылады. Біздің істеген жұмыстарымыз біздің берген қорытындымызға толық негіз болады деп санаймыз.

Біздің ойымызша, қаржылық есеп беру, Қордың 2004 жылғы 31 желтоқсаны бойынша қаржылық жағдайын барлық негізгі жағынан, сол сияқты қаржылық есеп берудің Халықаралық стандартына сәйкес оның қызметінің қорытындысын және осы күнде аяқталған ақшалай қаражаттардың бір жылда қозғалысын нақтылы көрсетеді.

«Deloitte & Touche»

28 қаңтар 2005 ж.
Алматы қаласы





“ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ” АҚ
2004 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған бір жылғы
ТАЗА ПАЙДА МЕН ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

(қазақстандық мың теңгемен)

Баптардың атаулары	2004 ж.	2003 ж. (аудит жасалмаған)
Пайыздық табыстар	405,173	447,455
Пайыздық шығыстар	(235)	-
ПАЙЫЗДЫҚ ТАЗА ТАБЫС	404,938	447,455
Бағалы қағаздар бойынша таза табыс	22,131	65,171
Басқа табыс	250	78
ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ТАЗА ТАБЫС	22,381	65,249
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТАБЫСТАР	427,319	512,704
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР	(69,303)	(63,817)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА	358,016	448,887
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА	358,016	448,887
Пайдаға салынған салық бойынша шығыстар	(51)	-
ТАЗА ПАЙДА	357,965	448,887

Бас директор
Бас бухгалтер

Мәженова Б.М.
Шәріпов М.Т.





“ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ” АҚ
2004 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша
ЖЫЛДЫҚ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСЫ

(қазақстандық мың теңгемен)

Баптардың атаулары	2004 ж.	2003 ж. (аудит жасалмаған)
АКТИВТЕР		
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	136,480	28,868
Бағалы қағаздарға инвестициялар:		
- сатуға арналған қолда бар бағала қағаздар	7,708,205	5,616,508
Қорланған тозуды шегергеннен кейінгі негізгі қаражаттар	6,110	5,184
Басқа активтер	472,662	391,463
АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ	8,323,502	6,042,023
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МЕНШІК КАПИТАЛЫ		
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:		
Мерзімі ұзартылған салықтың міндеттемелер	51	-
Депозиттерге өтем төлеу резерві	5,779,580	3,972,943
Басқа міндеттемелер	156,212	39,386
Міндеттемелердің барлығы	5,935,843	4,012,329
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МЕНШІК КАПИТАЛЫ		
Жарғы капиталы	1,000,000	1,000,000
Резервтер	1,387,659	1,029,694
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МЕНШІК КАПИТАЛЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ	2,387,659	2,029,694
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН АКЦИОНЕРЛІК МЕНШІК КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ	8,323,502	6,042,023

Бас директор
Бас бухгалтер

Мәженова Б.М.
Шәріпов М.Т.





“ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ” АҚ
2004 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған бір жылғы
МЕНШІК КАПИТАЛЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

(қазақстандық мың теңгемен)

Баптардың атаулары	Акциягерлік капитал	Резервтік капитал	Арнайы резервтік қор	Бөлінбеген табыс	Барлығы
2002 ж. 31 желтоқсан (аудит жасалмаған)	1,000,000	10,000	292,301	278,506	1,580,807
Арнайы резервке аудару	-	-	278,506	(278,506)	-
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	448,887	448,887
2003 ж. 31 желтоқсан (аудит жасалмаған)	1,000,000	10,000	570,807	448,887	2,029,694
Арнайы резервке аудару	-	-	448,887	(448,887)	-
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	357,965	357,965
2004 ж. 31 желтоқсан	1,000,000	100,000	1,019,694	357,965	2,387,659

Бас директор
Бас бухгалтер

Мәженова Б.М.
Шәріпов М.Т.

**“ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ” АҚ**

2004 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған бір жылғы

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛАСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБЕ

(қазақстандық мың теңгемен)

Баптардың атаулары	2004 ж.	2003 ж. (аудит жасалмаған)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛАСЫ:		
Салық салынғанға дейінгі пайда	358,016	448,887
Түзетулер:		
Іске асырылмаған (пайдаға)/зиянға және амортизацияға (дисконттарға)/бағалы қағаздарға сыйақыға	(102,368)	(94,597)
Тозу мен амортизацияға	1,177	960
Есептелген пайыздарға өзгерістер, нетто	(21,548)	(4,582)
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттардың операциялық активтер мен пассивтерде өзгергенге дейінгі қозғалысы	235,277	350,668
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер		
Операциялық активтердегі (ұлғаюлар)/ азаюлар:		
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар	(1,967,826)	(1,786,594)
Басқа активтер	(81,199)	(61,125)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюлар/(азаюлар)		
Басқа міндеттемелер	116,826	36,065
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттардың таза жалыстауы	(1,696,922)	(1,460,986)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(2,103)	(3,736)
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жалыстауы	(2,103)	(3,736)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Резервтік капиталдағы өзгеріс	1,806,637	1,493,503
Қаржылық қызметтен таза түсім	1,806,637	1,493,503
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ	107,612	28,781
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАР, жылдың басына	28,868	87
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАР, жылдың аяғында	136,480	28,868

Жыл бойы Қор төлеген және алған, 2004 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған пайыздар сомасы, тиісінше 235 мың теңгені және 383,625 мың теңгені құрады.

Жыл бойы Қор төлеген және алған, 2003 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған пайыздар сомасы, тиісінше 0 мың теңге және 374,561 мың теңге.

Бас директор
Бас бухгалтер

Мәженова Б.М.
Шәріпов М.Т.

